

Қонаев қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Алматы облысы Қонаев қаласы әкімінің 2022 жылғы 17 тамыздағы № 8-17 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 25 тамызда № 29272 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 48-бабына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес ШЕШТІМ:

1. Алматы облысы Қонаев қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. "Қонаев қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді Қонаев қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қонаев қаласының әкімі

Н. Куматаев